

ТЕХНОПАРК БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ НЫҒАЙТАДЫ

Бақтияр ТАЙЖАН,
"Егемен Қазақстан".

Қазір дүние жүзінде әлемдік брендке айналған сауда маркалары бар. "Сименстің" қондырғылары десе кергіп тұрған зауыт басшыларының өзі еліп ете қалып, келісім-шартқа қол қою үшін қаламына жармасады. Бөсінің мықты екендігін, өз өндірісінің өнімділігін көтеруге ықпал жасайтындығын біледі.

Сол Сименстің тарихын оқығанбыз. Немістің бірде аш, бірде ток жүретін, ашқан жаңалықтары басына сыймай, іске асыруға қаржысы жоқ, шағын қондырғылар жасап күн көріп жүрген қарапайым инженері екен. Құдай бақ берген күні қалталы азаматтардың көзіне түсіп, жаңалығын өндіріске қосқан. Сол шағын қондырғылардан басталған соқпақ инженер Сименсті әлемдік биікке алып шықты.

Дүниедегі өзгерістерді жасайтын ғалымдар ғой. Олар көз майын тауысып жаңалықтар ашады, түрлі талдаулар жасайды, жасаған қондырғысын сынақтан өткізу үшін жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүреді. Өндірісті өркендетудің жаңа тиімді тәсілдерін табады.

Қазақстан өркениеттің жаңа асуларын бағындыруға бет алды. Тәуелсіз ел екенмін деп шекаранды тарс жауып алып, өзінмен өзін өмір сүрер болсаң өркенің өспейді. Көрші мемлекеттермен алыс-беріс жасау үшін Кеден одағының игілігін көру керек. Бәсекеге қабілетті болу үшін өндірісінді өрге сүйрер ғалымдардың мықты болу керек. Елбасы Үкіметте өткізілетін кеңейтілген мәжілістерде осы жағын қадап айтады.

Президенттің тапсырмасы Оңтүстік Қазақстан облысында жалғасын тапты. Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірегейі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жанынан аймақтық технопарк құрылды. ОҚМУ ғалымдары үш облысты қамтитын үлкен жобаға қолденнен қосылған жоқ. Университет ғалымдарының индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша бір мыңнан аса патенттік жұмыстары бар. Мәселен, оңтүстікте кірпіш шығаратын зауыттар көп. Неміс технологиясы бойынша жасалған кірпіш сырт көзге мықты көрінгенімен далада ұзақ тұрып қалса шет-шеті мүжіліп, сапасыздан бастайды. Неліктен?

Ғалымдар оның себебін тапты. Еуропада Оңтүстік Қазақстанға қарағанда күн салқын.

Ондағы технологияны көшіру түбірімен қате. Технопарк өздеріндегі шағын қондырғымен өңір табиғатына лайық кірпіш шығарған. Маркасы жоғары. Сұраныс күшті. Қаржы шығарып, қондырғыны өндіріске қой. Сол сияқты жер асты суы жақын өрі тұздануы жоғары. Бетонды жеп қояды. Асфальт жолдар қанша мықты салсаң да екі жылдан соң әр жерінен тесіле бастайды. Не істеу керек?

ОҚМУ ғалымдарының осы бағыттағы ізденісі Үкімет тарапынан бағаланып жатыр. Бүгінде аймақтық технопарк жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде.

Технопарктің міндеттеріне келетін болсақ олар: нарықтық инфрақұрылымдар құру мен дамыту, шағын және орта бизнес субъектілерін, кәсіпкерлерді, өнертапқыштарды, ғалымдарды, студенттер мен инженерлерді белсенді кәсіпкер-



лік қызметке тарту, олардың идеялары мен жобаларын жүзеге асыруға ықпал ету, экономика, менеджмент, маркетинг және басқарушылық білім саласында кәсіпкерлер мен мамандарды оқыту мен дайындау, аймақтың ғылыми-техникалық әлеуетін нәтижелі пайдалануға бағытталған аймақтық инновациялық жүйе құру, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру.

ОҚМУ ректоры, академик Уәлихан Бишімбаев технопарк жұмысына байланысты мына жәйттерді айтты. Қазіргі таңда технопаркте М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғалымдарының қатысуымен әзірленген 32 индустриялық-инновациялық жоба мен ұсыныстар бар. Мұнда 1423 жұмыс орны құрылатын болады. Солардың ішінде, мәселен, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу жөнінде 9 жоба әзірленді, 439 жұмыс орны құрылады. Көмірсутегі шикізатын қайта өңдеу бойынша 3 жоба дайындалды, 108 жұмыс орны құрылады. Құрылыс материалдарының химиялық технологиясы бойынша 6 жоба дайындалды, 294 жұмыс орны құрылады. Табиғат қорғау технологиялары жөнінде 3 жоба дайындалды, 240 жұмыс орны құрылады. Кешенді жоғары концентрацияланған және экологиялық таза тыңайтқыштар өндіру жөнінен 20 млрд. 2 млн. теңгеге 3 жоба дайындалды, 342 жұмыс орны құрылады.

ОҚО өкімдігінің тапсырмасымен технопарк бұрынғы Шымкент фосфор зауытының бос тұрған өнеркәсіптік алаңын игеруді ұсынады.

"Састөбе-цемент-технолоджи" ЖШС-інде технопарк тарапынан фосфор және металлургиялық өндіріс қалдықтарынан күйдірілмейтін тұтқыр зат алу технологиясы ендірілді. Технология өзінің жоғары дәрежеде энергия үнемдеушілігімен қатар өзіндік құны төмен өнім алуымен ерекшеленеді. Қазіргі кезеңде 2000 тонна көлемдегі партиясы шығарылды. Осы өнімге арнап техникалық шарттар мен сертификат әзірленіп бекітілді. Осы күйдірілмейтін тұтқыр зат 600-700 маркалы бетон алуға арналған. Қазіргі күнде ол еліміздің біраз аймақтарында сынақтан өтіп, сонымен қатар Ақтау теңіз айлағы құрылысында да сынақтан өткізілуде.

Осы технология бойынша "Казфосфат" ЖШС-мен келісім-шартқа қол қойылды.

"Қаратау-цемент" ЖШС-де де цех құрылып, ашылуға. "Оңтүстік" ӘКК және "Электроаппарат зауыты" ЖШС-мен біріге отырып, қуаттылығы жылына 260 тонналық жергілікті шикізат негізінде кальций карбиді өндірісі құрылуға. Өнеркәсіптік алаңда құрылыс индустриясына арналған көбік бетондар, жарнамалық үлгілер жасалынуға. Фармацевтика үшін гидроксилатит пен тамақ қоспалары сараптамадан өтіп, мемлекеттік лицензия алынды.

Академик Уәлихан Бишімбаев осы бағытта шешілуге тиісті күрмеулі мәселелер бар екендігін айтты. Технопарк ауыл шаруашылығына да жақсы өзгерістер алып келеді екен. Мысалы, ОҚМУ және Өзбекстан ғалымдарымен тұздалған жерлерден тұрақты өнім алу үшін мақта, соя, жүгері дақылдарында электрлі ынталандыру, биотөсіл технологиялары ендірілді.

Жақында университетте "Еліміздің индустриялық-инновациялық дамуында жас мамандарды даярлаудағы жоо-ның ролі" атты семинар өткен.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған "Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауында "жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі жоо-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енгізе ұмтылулары керек. 2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс" — деп атап көрсетілген болатын. Бұл барлық жоо-лардың алдына қойылған талап. Осы талап үдесінен қалай шығуға болады, оның жолдары қандай деген мәселелерге жауап ізделді.

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдындағы бес ешкіні ысқырып жүріп айдағанмен бітпейді. Нарықтық экономика жаңа талаптар қойып жатыр. Өндірістің, оның ішінде ауыл шаруашылығының да ғылымсыз күні жоқ екендігі осы мысалдардан аңғарылғандай. Бірақ, соны жаңалықтарды өмірге ендіру үлкен қаржы тұрады. Ал, Қазақстанды бәсекеге қабілетті ететін ғылыми ізденістерден қаржы аяуға болмайды.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

IA
ТАҒЫ
ПАМАСЫ